

*Т. И. Акешеева*

## ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі заманның басты мақсаты оқыту мен тәрбие беру, болашағынан зор үміт күттіретін білімді де, білікті мамандар даярлау. Жаңа қоғамымыздың ертеңі оқыту мен тәрбие тал бесіктен басталып, ұдайы даму барысында қалыптасады. Бұл білім беру мекемелеріне үлкен міндеттер жүктейді. Сондықтанда да білім беру жүйесі әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, келер ұрпаққа білім мен тәрбие беруде танымдық әрекеттерді дамытуды көздеп отыр. Осы тұрғыда жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әсер ететін факторлар психологиялық тұрғыда қарастырылып жатыр десек болады. Бала бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие, ал оны ары қарай дамытатын баланың айналасындағы педагогикалық, психологиялық ортасы болып табылады.

Сондықтан қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру және тұлғалық жағынан үйлесімді қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі десек болады. Мектепке дейінгі жас кезеңінің өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар. Бүгінде елімізде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселесі кең көлемде дамып келе жатыр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасындағы басты мақсаттар - мектепке дейінгі білім беруді кеңейту жолымен балалардың білім алуына жағдай жасау және бар мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

Жалпы бала бойындағы танымдық белсенділікті дамыту оқумен тығыз байланысты. Танымдық белсенділікті психологиялық құбылыс ретінде анықтау, балалардың тұлға ерекшелігіне талдау жасау, білім беру мен тәрбие беру мекемелерінің басты міндеті.

Мектепке дейінгі жас кезеңі өзіндік ерекшелікпен сипатталады. Бұл жөнінде ғалымдар Л.С.Выготский, А.Н. Леотьев, В.В.Запорежец зерттеулері баршылық. Олар мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеті, сөзі, мінез-құлық нормалары сияқты қасиеттері әлеуметтік тәжірбиені игеру процесінде қалыптасатынын атап көрсетті.

Осы кезеңде балада зейін қалыптасады. Зейін бағдарлы – зерттеу әрекетінің бір сәті болып табылады. Зейіннің динамикалық сипатта болуы оқыту мен дамыту үрдісіне тәуелділігі-

мен түсіндіреді. Баланың зейінділігін өздігінен орындайтын іс-әрекеттің тиімді мөлшерде болуы оның өзін басқаруын, бақылауын дамытады. Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. К. Д. Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді: «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, есікке ілімнің бірде бір сөзі соқпай өте алмайды, егерде ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңеде қалмайды» [1]

Мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау тіл дамуы мен ғылыми ұғымдарды меңгеру жағдайында дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл ой жағынан бала қаншалықты мықты болса, сонша көп сұрақтар қояды. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы ойлайды. Бейнелі ойлау-алты жасар бала ойлауының негізгі түрі. Сонымен қоса бала логикалық ойлауды орындай алады, бірақ көрнекілікке сүйенген оқыту басым болады. Мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын педагогтар мен тәрбиешілер, ата-аналар балалар мен жылдың қай мезгілінде болмасын далаға шығып серуендегенде, әр түрлі ойындар ойнағанда ойланту әдісіне көңіл бөлгені дұрыс. Баланың бойына ерекше әсер ететін айналадағы өлі және тірі табиғат құбылыстары түрткі болады.

К.Д.Ушинский - баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзінің логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруіне жетелейді. Сондай-ақ кімде-кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс, - деп көрсетеді. [2,3]

Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірбиені меңгерудегі алғы шарттары болып келеді, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көз қараспен қабылдайды. Баланың

қиялы ересектерге қарағанда әлсіз болады. Л.С.Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенімен де, баланың өмірден көрген білгеніне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдауымен түсіндіргенде, үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі».

С.Л.Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу» деп түсіндіреді. Л.С.Выготский мен А.Н.Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық процесс деп қарауға мән берді [4]

Мектепке дейінгі балалардың ерекше қабілеттерін зерттеп, қорытынды жасаған А. Подьяков болатын. Оның айтуы бойынша 5-6 жастағы балалар белгілі бір тапсырманы зерттеуге ынталы, белсенді келеді, яғни осы жастағы балалар қиын, көпсалалы тапсырмаларды өз бетінше саралай алады. Бұл баланың білімді меңгеруімен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауымен, күнделікті өмірдегі іс-тәжірибесімен жүзеге асады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-танымдық әрекетке қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын қалыптастыру арқылы олардың белсенділігін арттыру маңызды. Сол жөнінде Л.С.Выготский былай деген: «Ең алдымен баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса. Осыны іске асыру үшін барлық күш жігерін салатынын және бала өзі

қимылдайтынын, ал тәрбиеші болса тек қана басқарып, бағыттап отырады. Балалардың танымдық әрекетке қызығушылығы ынта-ықыласы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты, ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді» [5] Тәрбиеші үшін баланың қызығушылығы, бейімі, қабілеті және басқа психологиялық ерекшеліктері басты мәселе болуы тиіс. Осы ерекшеліктерді ескеру мен дамыту баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Мектепке дейінгі психологиялық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюіне психологияның қосары мол. Баланы байқағыштық пен байсалдылыққа, зейінділік пен зеректілікке, тапқырлық пен ойланғыштыққа баулып, тәрбиелейтінде осы ғылым саласы. Жалпы психология ғылымының алға қойған мақсаттары халыққа, болашақ ұрпаққа адамның өзін-өзі танып білуінде психологиялық қызметтің қаншалықты маңызды мәселе екендігін жете түсіндіру.

1. Д. Ушинский К Педагогические сочинения В.бт. М., 1988 414 Л.С.

2. Возрастная и педагогическая психология. Тексты. - М.: МГУ, 1992.

3. В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения. - М., 1996

4. Л.С.Выготский. Проблема возраста/ Собрание сочинений. – М., 1984

5. Л.С. Выготский «Избранные психологические исследования». М., 1956. 519-6.

### Ә. Молдажанова

## ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ ОЙЫННЫҢ ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Ойын – оқыту әдісінің бөлігі. Тіл үйренуде, тіл дамытуда ойындар арнайы мақсатты көздейді. Ойынның мақсаты – білім, білікті және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қимылдарды қайталау немесе тексеру сипатында болады.

Сабақты жүйелі түрде түрлендіріп, әртүрлі әдіс-амалдарды қолданып, оқушылардың ана тілінде таза сөйлеуін, шет тілінде сөйлеуін, ана тіліне деген, шет тіліне деген ынтасын арт-

тырып, белсенділігін көтеретін – ойын, жұмбақтар және тақпақтар мен өлеңдер.

Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл-қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді.

Ойын балалар үшін әрқашан ойын болған-